Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

№48 (9831)
18 маусым, сенбі
2022 жыл
Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.

КЕҢЕС

ҰЛЫТАУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысына қатысты. Президент ең алдымен жиынға арнайы шақырылған делегаттарды құттықтап, Ұлттық құрылтайдың алғашқы жиыны бабалар салған дәстүр бойынша Ұлытауда өтіп жатқанын айтты. Мемлекет басшысы ең бірінші кезекте республикалық референдумда үлкен өзгерістерге ниет білдірген, дауыс беріп қолдаған халыққа зор алғысын жеткізді.

– Отбасымен барып, ел болашағына бей-жай қарамайтынын көрсетті. Шынайы өзгеріске және жан-жақты жаңғыруға деген ұмтылысын білдірді. Келешегіміздің жарқын боларына үміті және сенімі зор екенін байқатты. Еліміз ертеңгі күнге мызғымас бірлікпен қадам басуға дайын екенін анық аңғартты. Көпшілік Ата заңға өзгерістер енгізу туралы менің бастамамды қолдады. Дауыс беруге қатысқан барша азаматтарға зор алғысымды айтамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бұдан былай барша еліміздің жаңаратынын айтты. Алайда Жаңа Қазақстан бір күнде немесе бір жылда құрылмайтынын атап өткен Қасым-Жомарт Тоқаев ол үшін үлкен-кіші, жас-кәрі бәрі бір кісідей жұмылып жұмыс істеп, ерінбей еңбек етулері керек екеніне тоқталды. Мемлекет басшысы елді бір іске ұйыстыру мақсатымен Ұлттық құрылтай шақыру туралы бастама көтергенін айтты.

– Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдаса отырып, бір тоқтамға келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген. Төл тарихымызда ұлт тағдырын шешкен құрылтайлар болған. Оның көбі халқымыз үшін маңызды кезеңде өткізілген. Талас құрылтайынан кейін Алтын Орда дербес мемлекет болды. Қарақұм және Ордабасы құрылтайлары жұртымызды ел қорғауға ұйыстырды. Орынбордағы бірінші қазақ құрылтайында Алаш партиясы құрылды. Екінші құрылтайда Алаш автономиясы жарияланды. Егемендік кезеңінде Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы өткізілді. Бұл жиында сырттағы қандастарымыз атамекенге шақырылды. Біз бабалар жолын ұстанып, Құрылтай шақыру дәстүрін жаңғырттық. Елдігімізді нығайтып, бірлігімізді бекемдейік деп, бүгін бас қосып отырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Құрылтайды ұлы бабалар кеңес құрған Ұлытаудан бастап отырғанының мәнін түсіндірді.

– Ұлы даланың төрінде тұрған Ұлытау талай тарихи оқиғаның куәсі болған. Ел тағдырын айқындаған көптеген маңызды кеңестер дәл осында өткен. Киелі өлкеде Алтын орда әміршілері мен Қазақ хандарының ізі қалған. Біз ұрпақтар сабақтастығы жалғасын тапсын деп осы жерге келіп отырмыз. Ұлт ұясы – Ұлытаудың ғасырлар бойғы ұлы миссиясы қайта жалғасын тапты, – деді Президент.

Ұлттық құрылтайдың құрамында 117 адам болады. Құрылтай барлық облыстың, сан түрлі саланың, әр буынның өкілдерін қамтиды. Бұнда азаматтық ұстанымы бар орта буынның тәжірибесі, жаңаша ойлайтын жастардың тың идеялары ортаға салынады.

Мемлекет басшысы ел бірлігін нығайтатын, қоғамды ұйыстыратын тың идеялар орталығы болатынына сенім білдірді. Сөйтіп алты Алаштың баласы жиналған алқалы жиында алғашқы тапсырмасын да берді.

– Бұл жерде барлық рудың таңбасы тасқа жазылған. Сол арқылы бабаларымыз ұлт бірлігін көрсеткен. Қаныш Сәтбаев «Еліміздің ту тіккен жері – Таңбалы тас» деген. Өкінішке қарай, қастерлі жазулар кейін әбден бүлінді. Ел азаматтары Ұлытауға ескерткіш қойып, тастағы таңбаларды жаңғыртты. Бірақ бұл жеткіліксіз деп ойлаймын. Мұнда қазақтың бірлігін әйгілейтін сәулетті нысан тұруы керек. Мен Әулиетаудың етегінде Мемлекеттік рәміздер алаңын ашуды тапсырамын. Қасиетті өңірде көк байрағымыз асқақтап тұруға тиіс. Сол арқылы ұрпақтар сабақтастығы жалғасып жатқанын көрсетеміз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Ұлттық құрылтайдың ең басты міндеті – ұлтты ұйыстыратын парасатты, тың идеялар мен ұсыныстарға айрықша мән берілуі керек. Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтай жұмысы барысында басшылыққа алынуы тиіс үш негізгі мәселені атады.

– Бірінші. Жалпыұлттық бірлікті нығайту. Ең алдымен, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға айрықша мән беруіміз қажет. Сонымен қатар қоғамды алға жетелейтін құндылықтарды қалыптастыруымыз керек. Біз орнықты демократиялық институттар құрамыз десек, саяси жауапкершілік мәдениетін дамытуымыз қажет. Шын мәнінде, нағыз отаншылдық қасиетті қалыптастыруға тиіспіз. Сонда радикализм мен экстремизмге тосқауыл қоямыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы елдің ең басты құндылығы егемендік екеніне назар аударып, қаңтар оқиғасынан кейін Қазақстанда саяси белсенділік артқанын атап өтті. Жаңа саяси партиялар мен қозғалыстар пайда бола бастағанын, түрлі алаңдарда әртүрлі пікірлер айтылып жатқанынан хабардар екенін айтты.

– Қоғам белсенділері әлеуметтік желіде түрлі мәселелерді көтеріп жүр. Шыны керек, кейде мүлде ақылға сыймайтын пайымдар да айтылады. Жұрт даулы мәселелерге наразылық білдіріп, көшеге шығатын болды. Заңды белден басатын азаматтар да жоқ емес. Біртіндеп демократия жолына түсу кезінде мұндай жағдайлардың болуы түсінікті. Бірақ Заң талабы мүлтіксіз орындалуға тиіс екенін әрдайым есте ұстау қажет. Заң мен тәртіп – ішкі тұрақтылықтың бірден-бір кепілі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, ұлтты ұйыстыратын бірінші қасиет – атаққұмарлық емес, еңбекқорлық.

– Отбасын асырау үшін табанды еңбек етіп жүрген, заңға бағынатын адамдар құрметке ие болу керек. Өкінішке қарай, бізде көше бұзақылары, жауапкершіліктен жұрдай блогерлер және масылдық пиғылдағы айқай шығаратын адамдар бүгінгі күннің батырына айналды. Депутаттар мен атқарушы билік өкілдері соларға ғана баса мән беретін болды. Түрлі деңгейдегі шенеуніктер солардың ғана талабын орындауға жүгіреді. Орталықтағы және аймақтардағы билік барлық азаматтың мұң-мұқтажына бірдей қарауға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жүргізіліп жатқан реформалардың мән-маңызын халыққа дұрыс түсіндіруді екінші маңызды міндет ретінде атады. Қазір бұл жаңғырулар біртіндеп жалпыұлттық сипатқа ие бола бастаған.

Мемлекет басшысы халықтың жаңа технологиялар арқылы ауқымды реформаларға қатысуын үшінші маңызды міндет ретінде атады.

– Құрылтай – белгілі бір адамдар ғана бас қосатын жер емес. Ол, шын мәнінде, жалпыұлттық жиынға айналуы керек. Бұл – өте маңызды міндет. Біз Жаңа цифрлық технологияның мүмкіндігін кеңінен пайдалануымыз қажет. Сонда мемлекет пен халықтың қарым-қатынасы барынша тиімді болмақ. Мен Qurultay деген арнайы мобильді қосымша әзірлеуді ұсынамын. Сол арқылы халық елді жаңғырту туралы ой-пікірін онлайн режимде айта алады. Жұрт реформаның нақты пайдасын көруі қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне де өзгеріс енгізген жөн деп есептейді. Мәселен, Тәуелсіздік мейрамының мәнін өзгертпестен, кейінгі жылдары атаусыз қалған Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынды.

– 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің Тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды рөл атқарды. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ Тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда, әсіресе әлеуметтік желілерде көп талқыланып жүрген кадр, яғни мамандар мәселесіне назар аударды.

– Әлеуметтік желіде «Ескі кадрмен Жаңа Қазақстанды қалай құруға болады?» дейтіндер бар. Бұл – орынды сұрақ. Бірақ негізінен кадрларды біртіндеп ауыстыру керек. Тіпті кезінде Ресейде, Қытайда, Иранда болған революциялардан кейін де бұрынғы режимнің шенеуніктері мемлекеттік қызметін жалғастырған. Бұл елдермен салыстырғанда біздегі жағдай, әрине, мүлде басқаша. Жалпы, мемлекеттік қызметшілерді қолынан түк келмейді деп кемсітуді доғару керек. Тіпті оларды «Халық жаулары» сияқты көретіндер бар. «Шенеунік» деген сөз жағымсыз ұғымға айналып барады. Бұл – дұрыс емес. Мемлекеттік қызметте адал әрі білікті кадрлар өте көп. Олар Отанымыздың игілігі жолында тынбай еңбек етіп жүр. Бірақ өкінішке қарай, «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» деген де бар. Ондай адамдармен біз бірден қоштасып жатырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ тілінің мәртебесіне де тоқталды.

– Мемлекеттік тілдің тұғыры күн өткен сайын нығайып келеді. Оған қоса, әлемнің басты ақпарат құралдары қазақша шығып жатыр. Жақында әйгілі «APPLE» компаниясы қазақ тілін iOS-тың тілдер жүйесіне қосты. Әлемнің 40 тілінде тарайтын «NICKEL ODEON» телеарнасы қазақша көрсетіле бастады. Жастардың бастамасымен «NATIONAL GEOGRAPHIC» журналы 6 жылдан бері ана тілімізде жарық көруде. Осындай көптеген жағымды жаңалықтар бар. Сондықтан қатты алаңдауға негіз жоқ деп ойлаймын. Десек те, осы саладағы жұмысымызды даңғаза жасамай, табандылықпен жүргізуіміз қажет. Қазақ мемлекеті аман тұрғанда, қазақ тілі жасай береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында осыған дейін қазақ қоғамын толғандырған келелі мәселелердің бәрі Ұлытауда, Ордабасыда, Мәртөбеде, Күлтөбеде өткен осындай кеңестерде шешілгенін айта келіп, Ұлттық құрылтайдың келесі жиынын Түркістанда өткізуді ұсынды.

Жиында Мемлекет басшысынан бөлек Ұлттық құрылтайдың 10 мүшесі сөз сөйледі. Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин құрылтайды жүргізді.

Құрылтай отырысының соңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі ақын Мұхтар Шахановқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беріп, «Отан» орденін тақты.

Құттықтау

Құрметті медицина қызметкерлері, сала ардагерлері!

Сіздерді төл мерекелеріңіз, медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Адамзат қоғамында қай кезде де дәрігердің орны ерекше. Адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы дәрігер мамандығын халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген. Бүгінгі таңда қазақстандықтардың денсаулығын жақсарту – еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі. Елімізде денсаулық сақтау саласын дамыту, тұрғындарға заман талабына сай, қолжетімді және сапалы медициналық қызмет көрсету жолында бар мүмкіндіктер жасалуда.

Құрметті медицина қызметкерлері!

Дәрігер – адам жанының арашасы, жер бетіндегі сан алуан кәсіптің ішіндегі ең ізгі, ең қастерлі мамандықтың иесі. Дерттен сауығып, өмірмен қайта қауышқан адамдардың тағдыры – дәрігер еңбегінің өлшемі десек, қателеспейміз. Бүгінгі мерекеде таяуда ғана елімізді, бүкіл әлемді дүрбелеңге салған қатерлі індетпен күрестегі денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің жанкешті, қажырлы еңбегін атап өтуге тиіспіз.

Дәрігердің шипалы алақаны мен мейірімді жүрегіне, тәулік бойы тынымсыз еңбегіне халық алғысы шексіз. Қажырлы еңбектеріңіз халыққа қуаныш сыйлап, өздеріңізді нұрға бөлесін.

Сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық, күш-жігер, баянды бақыт пен жаңа табыстар тілеймін! Ақ желеңді абзал жандарға деген халық сенімінің қайнары сіздерді биік мұраттарға жетелесін!

Жалағаш ауданының әкімі
А.ЕСЖАНОВ

ҚҰРМЕТ

Ақ халаттыларға алғаусыз алғыс

Денсаулық – адам үшін баға жетпес байлық. Адам баласы басы ауырып, балтыры сыздағанда, дертіне дауа іздегенде баратыны – медицина қызметкерлері. Дертке дауа, емге шипа бере алатын тек осы ақ халатты абзал жандар ғана. Олардың көмегімен ауруымыздан айығып, ертеңімізге үмітпен қараймыз. Алдына барған әр науқасқа ерекше мейіріммен қарап, жылы сөзімен көңіліңді көтеріп, өмірге деген құлшынысыңды арттыратын да осы асыл маман иелері.

Жұма күні Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінде медицина қызметкерлері күні мерекесіне орай салтанатты шара өтті. Жиында сөз алған аудан әкімі Асқарбек Есжанов медицина қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.

– Адамзат жаралғалы өлмейтін екі мамандық болса, соның бірі – дәрігерлік қызмет. Қашаннан ақ халатты абзал жандардың еңбегі орасан. Олардың еңбегі үлкен деуіміздің бір себебі дәрігерлер – адам жанының арашасы. Кез келген науқасқа алғашқы болып көмек қолын созатын да, медициналық сапалы қызмет көрсететін де және ем-домын жасап, отбасына аман-есен оралуына күш салатын да осы саланың қызметкерлері.

Дәрігер – жер бетіндегі сан алуан кәсіптің ішіндегі ең ізгі, ең қастерлі мамандықтың иесі. Дерттен сауығып, өмірмен қайта қауышқан адамдардың тағдыры дәрігер еңбегінің өлшемі десек қателеспейміз. Бүгінгі мерекеде таяуда ғана елімізді, бүкіл әлемді дүрбелеңге салған қатерлі індетпен күрестегі денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің жанкешті, қажырлы еңбегін атап өтуге тиіспіз.

Дәрігердің шипалы алақаны мен мейірімді жүрегіне, тәулік бойы тынымсыз еңбегіне халық алғысы шексіз. Қажырлы еңбектеріңіз халыққа қуаныш сыйлап, өздеріңізді нұрға бөлесін.

Сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық, күш-жігер, баянды бақыт пен жаңа табыстар тілеймін! Ақ желеңді абзал жандарға деген халық сенімінің қайнары сіздерді биік мұраттарға жетелесін, – деді аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы.

Салтанатты шара барысында денсаулық сақтау саласының дамуына елеулі үлесін қосып жүрген бірқатар медицина мамандары аудан әкімінің "Құрмет" грамотасымен және алғыс хатымен марапатталды. Ал «Біздің ең қымбат байлығымыз – өміріміз осы сала қызметкерлерінің кәсібиліктеріне байланысты. Сондықтан да бұл сала иелеріне үлкен жауапкершілік жүктеледі. Басы ауырып, балтыры сыздаған жанның жанына дауа, дертіне шипа бола алатын да осы сала қызметкерлері» деген аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев денсаулық сақтау саласында талай жыл тапжылмай тер төгіп, еңбегімен елдің ыстық ықыласына бөленген білікті ақ халаттылар қашанда құрметке лайық екенін жеткізді. Мұнан кейін сала ардагерлері де алғыс хатпен марапатталып, құрмет төрінен көрінді.

Аудандық мәдениет үйіндегі салтанатты шара мерекелік концертке ұласып, аудан тұрғындары мен сала қызметкерлері өнерпаздар дайындаған ән шашуларды тыңдап қайтты.

Нұр НАУАН

Атам қазақ «Он екі мүшең сау болса, қара басың ханмен тең» деп бекер айтпаған. Денсаулық – адамзат баласының баға жетпес байлығы. Тән, жан саулығын ақшаға сатып ала алмайсың. Ал сырқатқа ұшыраған жандарға жан жылуымен де, дәрі-дәрмегімен де бірінші жәрдем беріп, дертіңмен күресіп, ажалдан арашалап қалатын ол – ақ халатты абыройымен тең санаған медицина қызметкерлері. Өз мамандықтарын жеке мүддесінен жоғары қоятын дәрігерлер, медбикелер, медицина саласының кіші қызметкерлері біздің ауданымызда көптеп саналады. Осы бір аяулы мамандық иелерінің төл мерекесі қарсаңында Жалағаш аудандық ауруханасының бас дәрігері Еркебұлан Мақсұтовпен сұхбаттасудың сәті түскен болатын.

Денсаулық сақшыларының қызметі жауапты

– Еркебұлан Мақсұтұлы, жаңа аурухана ашылғалы жалағаштықтар облыс орталығына сабылмай, қажет ем-домын кенттегі заманауи технологияға сай келетін, барлық мемлекеттік стандартқа жауап беретін зәулім ауруханада алып жатқаны белгілі. Алдымен 2020 жылы ашылып, елдің көзайымына айналған аурухана туралы, жалпы аудандағы денсаулық саласында атқарылып жатқан жұмыстар туралы айта кетсеңіз...

– Дұрыс айтасыз, алғаш облыс әкімдігі мен денсаулық сақтау басқармасының бастамасымен 2019 жылы ауданда жаңа ғимарат салу жөнінде шешім қабылданып, сол жылдың мамыр айында құрылыс жұмыстары басталып, 2020 жылдың желтоқсан айында жалағаштықтардың көптен күткен ақжолтай қуанышы еселеніп, емдеу мекемесі аудан халқына айқара есік ашқан болатын. Жалпы құрылыс құны 3,9 млрд теңгені құрайтын аурухана құрылымына терапия, хирургия, перзентхана, балалар бөлімі, жансақтау бөлімі және 2 ота жасайтын блок, қайта қалпына келтіру бөлімшелері кіреді. Мұндағы қайта қалпына келтіру бөлімшесі жаңа емдік дене шынықтыру аппараттарымен қамтылған. Аудандық ауруханаының 130 науқасты қабылдау мүмкіндігі бар.

Айта кетсек, жұқпалы ауруларға 15, терапияға 28, хирургияға 15, балалар бөліміне 17, перзентханаға 15, гинекологияға 10, қайта оңалтуға 20, паллиативті науқастарды емдеуге 10 төсек орын жабдықталған. 1 қабатта орналасқан қабылдау бөлімі жаңа УДЗ Volusoh P8, УЗЧ-3500HD маркалы ФГДС және DR-400 маркалы рентгенография аппараттарымен қамтылған.

Бүгінгі күнге дейін хирургия бөлімшесіндегі жылжымалы рентгендиагностикалық құрылым RADIUS аппаратымен 67 ота жасалды. Бұрын ауданнан қалаға сабылған халықтың көптеген мәселесі осылайша шешімін табуда. Енді өзіміздің хирургтер осы заманауи құрылғыны меңгеріп, қаншама науқасты айықтырып, аяғына тұрғызып жатыр. Бүгінде 33 мыңнан астам аудан халқына аудандық орталық аурухана, аудандық емхана, 12 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет, 2 медициналық бекет қызмет жасауда.

– Аурушаңдық деңгейі қалай?

– Жергілікті аудан тұрғындарының қажетін өтеп, денсаулығын түзеуге мемлекет тарапынан да, аудандық медицина қызметкерлері тарапынан да ерекше қамқорлық жасалуда. Дегенмен соңғы мәліметтерге жүгінсек, аурушаңдық деңгейі өкінішке орай артып отыр. Әсіресе тұрғындар арасында 1-ші орында қанайналым жүйесі ауруы тұр, 2-ші орында жүйке жүйесі ауруы, 3-ші орында сүйек бұлшық ет жүйесі аурулары көбейіп отыр. Сондықтан осы мүмкіндікті пайдаланып айтарым салауатты өмір сапасын арттырып, денсаулықтарыңызды күтіңіздер. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген ғой, қанатты сөзді көңілге тоқып, Алланың берген аманаты жаныңызды да, тәніңізді де ауыр дерттен қорғап, ақ халаттыларға аурудың белгісі білінгеннен қаралыңыздар дегім келеді.

– Сіздерде кадр мәселесі қалай шешілген? Төл мерекелеріңіз қарсаңында елдің алғысына бөленген білікті дәрігерлер туралы да айта кетсеңіз...

– Аудандағы емдеу және алдын алу ұйымдарында 91 жоғары білімді дәрігер, 439 орта буынды медицина қызметкерлері жұмыс жасайды. 17 дәрігер жоғарғы санатқа, 18 дәрігер I санатқа, 18 дәрігер II санатқа ие өз ісінің мамандары. Орта буын қызметкерлерінің де 275-нің біліктілігі бар. Олардың 142-сі жоғарғы санатты, 90-ы I санатты, 43-і II санатты меңгерген. Қызметкерлердің барлығы медицина саласында болып жатқан жаңалықтармен таныстырылып, тәжірибе алмасып тұрады.

Айта кеткен жөн, Ақарық, Аққыр ауылдарына жалпы тәжірибелі дәрігерлер мен кентке оторинолоринголог, офтальмолог, анестезиолог, реаниматолог дәрігерлер қажет. Бұлар – аса керек мамандар.

Әрине қай сала болсын өзінің еңбекқор, ізденгіш, тәжірибелі мамандарымен мақтанады. Әсіресе ақ халаты қандай кіршіксіз таза болса, халыққа жасаған қалтқысыз қызметінде де ақеден алғыс пен құрметке бөленген медицина қызметкерлерін осындай мерекеде аттарын атап, елге неге үлгі етпеске. Сондай жандар қатарында акушер-гинеколог Ләйла Рахатқызы, хирург Дәурен Сүйіндіков, невропатолог Әзизбек Жәмкеев, терапия бөлімінің дәрігері Жібек Мұстафина, балалар бөлімінің дәрігері Нәзира Алтаева, жұқпалы аурулар бөлімінің дәрігері Әсел Сарыбаева және өзге де еңбектері елеулі жандар бар. Біздің ақ халаттылар пандемия кезінде де ерен еңбектің үлгісін көрсетіп, қатерлі дертпен бетпе-бет келіп, күресіп, қаншама аурудың азабын тартқан жандарға араша түсті.

– ***Болашақта атқарылар жұмыстар жобасына тоқталсаңыз...***

– Біздің ұрпақты өмірге әкелетін ананың және оның сәбиінің денсаулығын қорғауды жандандырып, оларға барынша қолдау көрсету керек. Ана мен балаға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыру мақсатында енгізілген «эфективті перинаталды технологиясы» және сол бағыттағы бағдарламаларды жалғастыратын боламыз. Емдеу және алдын алу ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту және аудан тұрғындарына дәрігерлік қызмет көрсету сапасын арттыру, аурудың алдын алу шараларын жүргізу басты міндет болмақ. Сондай-ақ цифрлы Қазақстан бағытында мекеме жұмысын толығымен біріктірілген ақпараттандыру жүйесіне енгізу арқылы қағазсыз мекеме принципімен жұмыс жасауға көшуге кіріскен жөн. Қағазбастылық көп жағдайда жаны ауырып, дерті дендеген жанға уақытты көп бөлуге кедергі келтіреді. Біздің міндетіміз – дерттінің тән жарасымен бірге жан жарасын да жылы сөзбен емдеп, кәсіби біліммен оның дерттен айығуына жәрдемдесу. Ауданның ақ халатты мамандары осы мақсатты орындап, жергілікті тұрғындардың көңілінен шықса, нұр үстіне нұр болары сөзсіз. Елдің денсаулық сақшысы ретінде халықтың батасын алу біздің медицина қызметкерлері үшін үлкен мәртебе, асқан бақыт деп есептеймін.

– Сөз соңында өзіңіздің кәсіби мерекеге орай жылы лебізіңізді білдірсеңіз...

– Барлық денсаулық саласының қызметкерлерін, өзіміздің аудандағы ақ халатты аяулы жандарды төл мерекелерімен құттықтаймын. Халық алдындағы абыройымыз асқақ, мерейіміз үстем болып, адал еңбегімізбен құрметке бөлене берейік!

– Әңгімеңізге рахмет! Өзіңізге де дәстүрлі кәсіби мерекеңіз құтты болсын!

Сұқбатты жүргізген
Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

АЩЫ ДӘРІ ТӘНДІ, ЖЫЛЫ СӨЗ ЖАНДЫ ЕМДЕЙДІ

XXI ғасыр адамзат баласына ғылыми-технологиялық жетістіктерімен бірге денсаулығына қатысты үлкен мәселе туындатты. Таңнан кешке дейін компьютер алдында тапжылмай жұмыс істейтін жаңа қоғамның мүшелері тірек-қимыл қозғалысынан зардап шегіп келе жатыр. Одан бөлек дұрыс тамақтанбау және салауатты өмір салтын ұстанбаудың салдары, яғни дене еңбегінің аздығы мен күнделікті күйкі тірліктің күрмеулі мәселелері көп адамды күйзеліске түсіріп, гипертония дертіне шалдықтырып жатыр. Табан астынан қан қысымының күрт көтерілуі инсультке алып келіп, сау жүрген адамды төсекке алып ұрады. Одан бөлек қазірде көлік қозғалысының ретсіздігінен жол апаты көп. Жол апатына түскендердің дені омыртқа жотасынан жарақат алып, арбаға таңылады. Міне, осындай жағдайдағы науқастардың барлығына ең алдымен қажетті медициналық көмек көрсетіледі. Содан соң олар ұзақ уақыт оңалту орталығының тұрақты емделушісіне айналады.

Аудандық ауруханада екі жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан қайта қалпына келтіру бөлімшесі бар. Емделуші көп және жоғарыда айтқандай, аталған бөлімшеде ем алатын науқастардың барлығының жүйке талшықтары жарақаттанған. Атап айтсақ, ондағы дәрігерлер мен медбикелер көбіне инсульт, миокард инфаркт, ауыр бас ми жарақатын алғандар және түрлі жағдайларға байланысты тірек-қимыл аппараты зақымданған жандарды сауықтырады.

Жай күндері жүйке жүйесі сау адамның өзі лықсып келген ашуын тежей алмай қалатынын ескерсек, қайта қалпына келтіру бөлімшесіндегі айлап, жылдап төсекке, арбаға таңылып, жамбасы тесілген науқастардың тілін тауып, бабын жасау оңайға соқпайтыны анық. Алайда біз осы мақаламызды жазбас бұрын аталған бөлімшенің біркүндік жұмыс барысымен таныстық.

Айтқанымыздай, оңалту орталығының қызметі тәулік бойы тынбайды екен. Дәрігерінен бастап, медбикелер, тіпті техникалық қызметкерлеріне дейін қабағын бір шытпайды, мінездері биязы, сұрағыңа күлімсіреп, жылы жауап береді. Бізді жайдары қарсы алған бөлімше дәрігері Әсем Шамитаева да – өз саласының білікті маманы.

– Науқастың ең алдымен тәнін емес, жанын емдеу керек және жанды емдейтін дәрі мен ине емес, жылы сөз. Бойын дерт меңдеген адамға кірбіңсіз көңіл мен жылы сөздің өзі жұбаныш. Жан емделсе, тән де емделеді. «Жаны саудың – тәні сау» деген сөз бекер айтылмаған. Қазірде қоғамдық қарым-қатынас өзгеріп, басқаша сипат алды. Көбіне біз бір-бірімізге тамшыдай болса да кіршіксіз көңілімізді, бір ауыз жылы сөзімізді қимаймыз. Жүрегіміз қатайып, сезімдеріміз семе бастаған. Ал оның салдары денсаулыққа айтарлықтай салмақ түсіріп, түрлі аурулардың туындауына себепші болады. Сондықтан біз жұмыс барысында ең бірінші кезекте науқастармен барынша жылы қарым-қатынас орнатуды жолға қойдық. Қай жерің ауырса, жаның сол жерде. Яғни аурудың ауыр-жеңілі жоқ. Кез келген науқас дәрігерден үміт күтеді. Ал біз мейлінше сол үміт шырағын сөндірмеуге тырысамыз, – дейді Әсем Ортайқызы.

Дәрігердің айтуынша, қайта қалпына келтіру бөлімшесі аудан бойынша амбулаторлы-емханалық, күндізгі стационарлық және тәуліктік аурухана деңгейлерінде өз кезеңімен науқастарға оңалту емін жүргізіп келеді екен. 2019 жылы Жалағаш аудандық орталық ауруханасында 5 орындық «Қайта қалпына келтіру» бойынша науқастарды емдеу палатасы ашылып, терапия бөлімшесінің құрамында болған. Ал 2020 жылдан бері қайта қалпына келтіру бөлімшесі болып жасақталып, қазіргі таңда 20 төсекорындық тәуліктік және 5 төсекорындық күндізгі стационарлық қалпына келтіру бөлімшесі жұмыс істеп тұр. Реабилитациялық бөлімшеге «кардиология және кардиохирургия», «травматология және ортопедия», «неврология және нейрохирургия», «пульмонологиялық» профильдер бойынша ауырған науқастар жоспарлы түрде ем қабылдайды. Сонымен қатар реабилитациялық науқастарды қалпына келтіру мақсатында дәрілік препараттар арқылы ем жасаумен қатар, психологиялық көмек, емдік дене шынықтыру, массаж және физиотерапиялық қызметтер көрсетіледі. Бөлімшеде арнайы оқытылған 1 реабилитолог дәрігер, 1 психолог, 1 емдік физкультура жаттығуларын үйрететін арнайы инструктор, 1 массажист, 2 физиотерапия медбикесі және кезекшілікпен келетін медбикелер мен науқастарға күтім жасайтын кіші аяжандар командалық емдік сауықтыру жұмыстарын бірлесе атқарады.

Жоғарыда айтқанымыздай, қайта қалпына келтіру бөлімшесі инсульт алған, омыртқа жотасының жарақатын алған, омыртқа жотасына ота жасалған, ауыр бас ми жарақатын алған науқастар, аяқ-қолдың салдануы, сөйлеудің бұзылысы сияқты аурулардың салдарын қайта қалпына келтіруге жұмыс жасайды. Дәрілік еммен қатар физиопроцедуралар, жылумен емдеу, тоқпен емдеу, массаж, қарқынды дене шынықтыру, механотерапия, эрготерапия, психологиялық ем тәсілдері тағайындалады. Жүректің ишемиялық аурулары: шунттау оталарынан кейін, миокард инфарктын алған науқастар, сонымен бірге травматология ортопедия саласы бойынша аяқ сүйектерінің сынуынан кейін, буын ауыстыру отасынан кейін, туа пайда болған және жүре пайда болған деформацияларды оперативті емдеуден кейін науқастар қайта қалпына келтіру емін қабылдай алады. Науқастар реабилитациялық емге емхананың жоспарлы жолдамасымен портал арқылы келіп ем алады. Қайта қалпына келтіру бөлімшесінде 2021 жылы 233 науқас, ал 2022 жылдың 5 айында 129 науқас ем қабылдапты.

Бөлімше медициналық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Мәселен, жаттығу залындағы тұрақтылықты, тепетеңдікті сақтауға вертикализатор аппараты инсульттан кейін аяқтан тұруға және Artromat k1 аппараты тізе және жамбас бұлшық еттеріне жасалған отадан кейін жан ендіруге көмектеседі. Ал имитатор аппарат-құрылғысы инсульт алғанда, омыртқа жарақаттанғанда және түрлі жағдайдағы мүгедектікте қолданылады. Одан бөлек веложаттығу, жансызданып қалған аяқ-қолдың нүктелерін оятуға, қимыл-қозғалысты қалпына келтіруге арналған аппараттардың науқастардың сауығып кетуіне ықпалы зор.

– Емдік физкультура бөлмесіне келуге ем алушылардың ынтасы жоғары. Демек, бұл аурумен күрескен науқастардың денсаулығына оң әсерін тигізіп, нәтиже беріп жатыр дегенді білдіреді. Бұл жерге келетін науқастардың кішкене болса да әрбір қимылы миына дабыл түсіреді. Яғни ми орталығы бойды билеген ауруды тек қимылқозғалыс қана жеңетіні жөнінде ақпарат толқынын қабылдайды. Ал ол ақпарат әрбір науқас адамға үміт сыйлап, жаттығуға деген ынта-жігерін арттырады, – дейді емдік физкультура бөлмесінің инструкторы Ербол Талқанбай.

Кемедегінің жаны бір. Бір-біріне демеу болып, жылы сөзбен жұбатқан бөлімшедегі науқастардың бар сенетіні – дәрігер. Иә, сенім – үлкен күш. Ем алушылардың барлығы да өздеріне зыр жүгіріп сапалы қызмет көрсетіп жүрген дәрігерге де, медбикелерге де дән риза.

Қуат АДИС

ТЕРАПИЯ БӨЛІМІНДЕГІ ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕК

Әлемде ешқашан жойылмайтын, даму үстінде ғана жүріп отыратын мамандықтардың бірі – медицина саласы. Медицинасы дамыған елдің болашағы жарқын болмақ. Өйткені медицина дамыса, елдің денсаулығы жақсарады, осылайша қоғам дамиды. Дамыған елдердің тәжірибелерін меңгеру арқылы озық елдердің қатарына енуді мақсат тұтқан Қазақстан соңғы жылдары денсаулық сақтау саласына аса мән беріп келеді. Нәтижесінде жыл сайын салада өзгерістер орын алып, тіпті шалғай аудандардағы емханаларға заманауи аппараттар үлестірілуде. Ал мемлекеттің басты байлығы адам десек, әрбіріміздің денсаулығымызды бақылайтын ақ халатты абзал жандардың қоғам алдындағы еңбегі еселі.

Халық үшін ең маңызды сала – денсаулық сақтау саласында біраз жетістік, ауқымды шаралар жасалды. Соңғы жылдарда апатты жағдайдағы ғимараттардың орнына жаңадан денсаулық сақтау нысандары салынды. Сонымен бірге облыста алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысандарының бірқатары жаңғыртылған. Облыс экономикасын қарқынды дамытуда біздің аудан да шет қалып отырған жоқ. Ауданға қарасты елді мекендердегі медициналық көмек беретін орындар жаңғыртылды, күрделі жөндеуден өтті, пайдалануға берілді. Соның нәтижесінде ауыл тұрғындарына да талапқа сай медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік туды.

Аудандағы орталық аурухана ғимараты заманға сай жабдықталып, жасақталып, жаңа үлгімен бой көтерді. Аудан халқының көптен бергі көкейінде жүрген мәселе шешімін тапты. Кең әрі жаңа ауруханада енді жалағаштықтар сапалы медициналық көмек алуда. Дәрігерлер де жыл сайын біліктіліктерін арттырып, адам өміріне деген жауапкершіліктерін сезіне біледі. Кешегі індет жайлаған кезеңде де ауданның ақ халаттылары табандылық танытып, күн-түн демей, уақытпен санаспай жұмыс жасады. Барлық ауырған, індет жұқтырған науқастардың аман-есен отбасына қайта оралуына күш салды. Қашанда адам өмірі бәрінен қымбат дейтін абзал жандармен жолыққанда да мамандықтарына деген адалдығы мен кәсібиліктеріне тағы бір көз жеткіземіз. Аптаның сәрсенбісінде аудандық орталық ауруханаға барып, әр бөлімнің жұмысымен танысып, ондағы жауапты дәрігерлермен азын-аулақ тілдестік.

Аудандық ауруханаға ат басын бұрғанымызда алдымен ең күрделі бөлім – терапия бөлімінің тыныс-тіршілігін бағамдадық. Абзал жандардың тығыз жұмыс кестесін, олардың еңбегін меңгеріп кетпесек те, іштей сезіну үшін ақ халатымызды киіп, бөлімнің әрбір палатасын, емдік бөлмелерін аралап шықтық.

Айта кетейік, жаңа аурухана ашылғанда «Ел игілігіне берілді» деп қалпағымызды аспанға атып қуанғанымыз рас, бірнеше мәрте газет бетінде сүйіншіледік те. Адамды ауыртпасын дейміз, бірақ палаталардағы науқастармен азды-кем сұхбаттасқанда расымен игілікке берілген нысан екеніне тағы да көз жетті. Олардың ақ халаттыларға айтар алғысы шексіз, жағдайымыз да жақсы дейді. Барлық жағдай жасалғанын, сапалы медициналық қызмет көрсетілетінін және дәрігерлердің ерекше ықыласпен қарайтынын айтады. Жылы әрі жарық бөлмеде алған еміміз де қонымды, жанымыз тыныш дейді.

Терапия бөлімінің бөлім меңгерушісі Әзизбек Жәмкеев екен. Жалпы терапия бөлімінде 2 пост бар, 3 дәрігер, 1 аға медбике, жалпы медбикелер саны – 17, кіші аяжандар – 14. Бөлімше 28 төсек орыннан тұрады. Оның ішінде 8 кардиологиялық, 10 неврологиялық, 7 терапиялық, 3 ревматологиялық төсек орын. Ал терапияның күндізгі стационарында 15 төсек орын бар. Ақылы палата 1 орын. Барлық бөлмелер кең, таза, жылы сумен қамтамасыз етілген. Әрбір палатада 2-4 орындық. Әсіресе риза болғанымыз аурухана мен емхана аралығына жабық жолмен өтуге болатындығы. Емханадан қажетті дәрігерлер ауруханаға баратын болса, айналып жүрмей-ақ жаңағы аспалы қатынас жолмен барып келе береді. "Дені сау адам – қоғамның басты байлығы" деп ғалымдар айтып кеткен. Осы жолда қазірдің өзінде дәрігерлер белсенді кірісіп жұмыс жасауда. Соның бірін мысалға алсақ, терапия бөлімі осы кездері халық денсаулығын сақтау және қорғау барысында айтарлықтай жақсы жұмыстар атқарып жатқаны белгілі. Өткен жылы терапия бөліміне 1002 науқас түскен. Емделіп жазылып шыққан науқастар саны 969 адам болса, биыл 2022 жылдың 5 айында осы бөлімге түскен науқастар саны 611 екен, емделіп шыққаны – 603 науқас.

Міне, көріп отырсыздар, дәрігерлер мен медбикелер, медағалар, шаруашылық аяжаны, аспазшы және кіші аяжандарға қаншама ауырлық болған. Әсіресе кіші аяжандардың еңбектері ерекше деп айтар едік. Егде жастағы кісілердің жүріп-тұруы қиын болатыны белгілі. Әсіресе қайта қалпына келтіруде жатқан науқастарға көмек өте қажет. Жуындыру, әжетханаға апару, арбамен тасымалдау сияқты сан қилы жұмыстар атқарылады. Күндіз-түні еңбек еткен денсаулық сақшыларының бұл – күнделікті жұмысының бір ғана бөлігі. Келген науқастар әртүрлі жастағы адамдар, оның ішінде егде жастағы науқастар үшін күтімі, ем-домы күрделірек болады. Әркім өз ойымен денсаулық сақшыларының еңбектерін ойша салыстырса, көздері жетер еді.

– Медицина саласындағы басты мақсат Қазақстан халқының денсаулығын сақтау, өскелең ұрпақтың саулығын қамтамасыз ету ісіне озық технологиялар енгізу, ауылдағы медициналық қызметтердің сапасын арттыру болып табылады. Осы бағытта халқымыздың дені сау ұлт болып өсіп-жетілу жолындағы ақ халатты абзал жандардың еңбегі зор дер едім. Әсіресе кешегідей індет жайлағанда, ел басына күн туғанда, сын сағатта жауапкершіліктен қашпай, еш мойымай бар күш-жігерін елдің амандығы жолында жұмсаған да дәрігерлер қауымы болды. Сол сәттердегі осы терапия бөлімінің, осындағы ақ халаттылардың қалай қауырт жұмыс жасағанын мен білемін. Өзім де дәрігер деген ардақты атты арқалап жүргендіктен, жауапкершіліктің бәрінен маңызды, ал адам өмірі ең қымбат екенін жақсы түсінемін. Кәсіби біліктілікті үнемі арттырып отыру, мамандықтың қыр-сырын меңгерумен қатар жауапкершілікті үнемі сезіне білу және ең бастысы уақытпен санаспай жұмыс жасай білу маңызды.

Жалпы біздің терапия бөлімі күрделі. Мұнда көптеген диагноздағы науқастар емделеді. Мәселен, жүректің ишемиялық ауруы, артериальды гипертензия, өкпенің созылмалы обструктивті аурулары, бронх демікпесі, қант диабеті, анемияның ауыр дәрежелі түрлері, ревматологиялық аурулар, цереброваскулярлы ауру мен дисциркуляторлы энцефалопатия, ми қан айналымының жедел бұзылысының салдары, эплепсия, бел омыртқаларының остеохондрозы, протрузиясы, грыжасы және созылмалы пиелонефрит, созылмалы холецистит пен созылмалы панкреатит сияқты көптеген ауру түрлері бойынша ем-дом жасаймыз. Дегенмен бөлім күрделі болғанымен, мамандар жеткілікті деп айта аламын. Білікті дәрігерлер де, жұмысына жауапты медбикелер де бар. Осында келіп түскен әрбір науқастың аман-есен үйіне оралуына және ауруханадан шығарда тек алғыс айтып кетуіне күш саламыз, – деген терапия бөлімінің меңгерушісі Әзизбек Жәмкеев ақ халатты абзал жандар деген атқа лайықты болу әр медицина қызметкерінің міндеті екенін айтады.

Осындай күрделі бөлімге меңгерушілік етіп отырған Әзизбек Смағұлұлы еңбек жолын 2009 жылы аймақтық дәрігер, бөлім меңгерушісі болудан бастапты. Одан кейін Алматыда білімін жетілдіріп, невропатолог мамандығын алып шыққан. 2016 жылдан бастап невропатолог дәрігер болса, қазіргі таңда аудандық ауруханының терапия бөлімінің меңгерушісі. Бөлімдегі 36 науқас толық әрі өз дәрежесінде ем қабылдап жатыр екен. Күндізгі стационарда 7 науқас бар. Ал бөгде адамның, медбикелердің күтімін қажет ететіндер саны – 6.

Айта кетейік, биыл осы терапия бөлімінен ақылы 1 орындық палата ашылған. Мұнда ерікті түрде ақылы қызмет аламын, толық ақылы тексеруден өткім келеді деген кез келген адам медициналық көмекке қол жеткізе алады.

Міне, 3 қабатты аурухана ғимараты осы заманға сай салынып, жабдықталған. Жоғары білімді дәрігерлер де жыл өткен сайын көптеп келуде. Түптеп келгенде біздің ең қымбат байлығымыз – өміріміз осы сала қызметкерлерінің кәсібиліктеріне байланысты. Сондықтан да бұл сала иелеріне үлкен жауапкершілік жүктеледі. Басы ауырып, балтыры сыздаған жанның жанына дауа, дертіне шипа бола алатын да осы сала қызметкерлері. Ал денсаулық сақтау саласында талай жыл тапжылмай тер төгіп, еңбегімен елдің ыстық ықыласына бөленіп жүрген білікті жандардың жүріп өткен жолы көпке үлгі деуге болады. Себебі тіршілікке нәр беріп, қалтқысыз қызметін ұсынып, мейірімділік пен жылылықты жанына серік еткен, игілікті мамандық иесі атанған олар қашанда сый-құрметке лайық.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

АЛҒЫС АЛҒАН АБЗАЛ ЖАН

Хирургияны медицинаның ең ежелден келе жатқан саласы деуге әбден болады. Хирургияның бастауы сонау алғашқы адамдардың кезінен-ақ басталғанын аңғарамыз. Мәселен, аң-құс аулаумен күнелткен ежелгі адамдарда жарақат алу, аяқ-қолдың сынуы сынды түрлі дене жарақаттары көп орын алған. Осындай тұрмыстық тіршіліктен, тіпті тайпааралық қақтығыстардан болған жарақаттарды емдеу керек болды. Сол кездің өзінде-ақ адамдардың түрлі әдіс-тәсілдер арқылы және ешқандай медициналық құрылғысыз сынықтарды, жарақаттарды емдегенін білеміз. Бұл емдік тәсілдер, шаралар уақыт өте келе дамыды, заманның ағымына қарай жаңаша сипат алып, медициналық құрылғылар пайда болды. Сондықтан да біз хирургия саласының алғашқы баспалдақтары сол кезеңдерде пайда бола бастады дейміз.

Расымен әлем ғалымдары жіктеп бергендей, қазіргі медицина, оның ішінде хирургияның дамығаны бәрімізге белгілі. Қазір бірен-саран ғана кездесетін аты жаман ауруларды айтпағанда, медицинаның көптеген ауруға төтеп беруге қауқары жетеді, мүмкіндік те бар. Бірақ заман дамып, жаңа медициналық құрылғылар пайда болған сайын осы сала қызметкерлеріне артылатын жүк ауырлай түсті. Өйткені денсаулық сақтау саласына келген әрбір маман тек күнкөріс қамы деп емес, адам өмірінің арашасы екенін жете түсініп келуі керек. Аудандық аурухананың травматолог-хирургі Жарқынбек Сыдықов «Бір науқасты емдеп, аман-есен үйіне оралуына көмегім тисе, мен үшін соның өзі – үлкен бақыт» дейді.

Кейіпкеріміздің күнделікті қауырт жұмыс арасындағы азын-аулақ әңгімесінен көп ой түйдік. Жарқынбек Алтынбекұлы Қарағанды мемлекеттік медицина университетінде жоғары білім алып, алғашқы еңбек жолын Қарағанды қаласы, Х.Ж.Мақажанов атындағы травматология және ортопедия ауруханасында резидент ординатор болып бастаған. Одан кейін Теміртау қалалық ауруханасында травматолог-хирург, 2019 жылдан бастап аудандық ауруханада травматолог-хирург қызметін атқарып келеді. Жұмыс барысында бас, дене жарақаттарынан бастап күйік, үсік, іріңді жарақаттарға дейін ем-дом жасайтынын айтқан ақ халатты абзал жан сынық жарақаттарын және балаларға да дәрігерлік көмек көрсетеді екен. Жарқынбектің жауапкершілігінің ең қиын тұсы әсіресе адам денесінің барлық бөлігінің сынығын қарау екен. Дегенмен қанша ауыр ота түрлері болса да адам өміріне араша болудың өзі мамандығына деген сүйіспеншілігіңді одан ары шыңдай түседі дейді.

– Жұмыстың қиындығы да, қызығы да қатар жүреді. Медицина саласына қалауыммен келдім, бала кезгі арманым болатын. Мамандық таңдаудан қателеспедім деп айта аламын. Өйткені қызметім қаншалықты жауапкершілікті талап етсе, менде соншалықты ынта-жігер бар. Сондықтан ерінбеймін, әрқашан табандылық танытуды, ізденуді, білім жетілдіруді назарда ұстаймын. Көптеген ауыр жарақаттарға ота жасаймыз. Кейде ауыр жағдайлар да болып жатады. Бірақ сол отадан аман шығып, өмірге қайта келгендей қуанған әрбір науқастың жанарындағы ризашылықты көргенде, алғысын естігенде марқайып қаласың. Міне, біздің еңбегіміздің еленуі осы жерде деп білемін, – дейді кейіпкеріміз.

Жас та болса травматолог-хирург, өз ісінің маманы атанып үлгерген Жарқынбек алдыңғы буын ағаларының біліктіліктері, ота кезіндегі, емдеу уақытындағы ақыл-кеңестері үнемі еңбек жолында үлкен тәжірибе болып келе жатқанын да жасырмады. Осындай қиын да ауыр оталарды өткеретін, дененің түрлі жарақаттарын, сынған бөліктерін қайта қалпына келтіруде дәрігерлік көмек бере алатын медицинаның күрделі саласында еңбек етіп келе жатқан ақ халатты абзал жан үшін адам өмірі ең қымбат, денсаулық ең үлкен байлық. Біз де өз кезегімізде адамзатты аялы алақанымен жылыта алатын маман иелеріне тек қана абырой тілейміз.

Нұр НАУАН

Кешен қызметі аурудың алдын алады

Медицина дамыған сайын ауру да көбейіп және түрленіп келеді. Бірақ айта кетуіміз керек, қандай ауру болмасын ол көбіне әр адамның жеке бас жауапкершілігіне немқұрайлы қарауының салдарынан басталады. Денсаулық – зор байлық. Алайда тұрмыстық, материалдық құндылықтар адам өмірінен, денсаулығынан жоғары саналатын қазіргі кезде бұл сөз бастапқы қолданыстағы дәрежесін жоғалтқан сыңайлы. Бұны бекерге айтып отырғанымыз жоқ. Денсаулық – тән байлығы ғана емес, Алланың адам баласына берген ең үлкен сыйы әрі аманаты. Ал аманатқа қиянат қылуға болмайды.

Қазір кейбір адамдар өз денсаулығына аса мән бермейді. Ауруы сыр бергеннен бастап, қашан жанына батқанша елемей, күнделікті күйбең тірліктің соңында шапқылап жүре береді. Ал осындай немқұрайлықтың ақыры кей жағдайда өлімге әкеліп соғады. Көбіне шалғай ауылдардың тұрғындары ауруын әбден өткізіп алғанда ғана дертіне дауа іздеп, дәрігерге барады. Әрине дәрігер алдына барған науқастың ауруын анықтап, емдеуге міндетті. Бірақ өкіништісі, кейде асқынып кеткен дертті дәрінің өзі қайтара алмайды. Сондықтан кез келген аурудың алдын алған абзал. Ол үшін әр адам өз денсаулығын күтіп, сақтануы керек. Өйткені адам үшін өмір қымбат. Ал өміріңнің өлшемі тәніңмен қоса жаралған әрбір мүшеңді аялап, күтуге тікелей байланысты.

Қазірде адамзат денсаулығына әлем болып алаңдап отыр. Соған орай медицинаны дамытуға күш салып жатыр. Біздің елімізде де бұл аталған салаға мән беріліп келеді. Осы орайда түрлі бағдарламалар қабылданды. Сол бағдарламалардың негізгісі – аурудың алдын алу және болдырмау, яғни скрининг. Ауруларды және қауіп факторларын ерте сатысында анықтап, асқынулардың алдын алу үшін белгілі бір жастағы дені сау адамдарды профилактикалық дәрігерлік тексеруден өткізеді. Нақтырақ айтсақ, адамдардың ауруға бейімді жасына қарай, артериальды қан қысымы, көзіші қысымын өлшеу, холестерин мен глюкоза деңгейін анықтау, электрокардиография жасау және кардиологтың, эндокринологтың, офтальмологтың тексеруінен өту, сонымен бірге балаларда В және С созылмалы гепатит маркерінің болуына қанның талдамасын жасау.

Бұл зерттеулер жүрек-қан тамырлары ауруларын, қант диабетін, глаукоманы және олардың қауіпті факторларының деңгейін ерте сатысында анықтауға, сонымен қатар гепатиттерді емдеу және олардың инсульт, инфаркт, зағиптық, цирроз және бауыр обыры тәрізді қауіпті қабынуларынан сақтандыруға және олардың алдын алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ обырдың туындауына алып келетін патологиялық өзгерістерді болдырмау үшін қатерлі ісіктерді дамуының ерте сатысында анықтайды. Алайда қазірде тұрғындардың көбінің алдын ала тексерілуге зауқы жоқ. Тіпті дені сау адамды айтпағанда, бойында созылмалы ауруы бар, диспансерлік есепте тұратын науқастардың өзі кейде уақытылы дәрігерге бармайды. Әрине оған себеп көп. Көбі аудан орталығынан шалғай ауылдарда тұрады. Жол қатынасы, тұрмыстық жағдайлар денсаулығына қарауға мұрша бермейді. Сондықтан қазірде ауылдар мен елді мекендерге жылжымалы медициналық кешен қызмет көрсетеді.

– Жалағаш аудандық ауруханасына 2020 жылы ҚР ДСМ бұйрығымен ауылдық жерлердің және шалғайдағы елді мекендердің халқына көрсетілетін медициналық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында жылжымалы медициналық кешен берілген. ЖМК Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-241/2020 бекітілген «Жылжымалы медициналық кешендер мен медициналық пойыздар арқылы медициналық көмек көрсету қағидалары» бұйрығымен жұмыс істеп келе жатыр. Ол арнайы облыстық денсаулық сақтау басқармасының әр жылға арнап бекіткен жоспарына сай қызмет етеді. Жылжымалы медициналық кешенде терапевт, педиатр, хирург, оториноларинголог, офтальмолог (ересек және балалар) онколог, эндокринолог, кардиолог, гинеколог, стоматолог, психолог, невропатолог (ересектер және балалар), уролог мамандары кеңес береді. Сонымен қатар лабораторлы және инструментальды зерттеу әдістері, атап айтқанда, электрокардиография, ультрадыбыстық зерттеу, кеуде қуысының рентгенографиясы жүргізіледі. Әйелдерді гинекологиялық тексеру және олардың репродуктивтік жүйе ауруларының алдын алу, анықтау, емдеу шаралары жүзеге асырылады, – дейді ЖМК-нің жауапты дәрігері Нәзира Дұржан.

Жылжымалы медициналық кешен 2021 жылы аудан бойынша 14 елді мекенді аралап, 16 300 халыққа медициналық көмек көрсеткен. Ал 2022 жылы аудан бойынша 16 елді мекеннің 13 403 тұрғынын медициналық көмекпен қамту жоспарланыпты. Кестеге сәйкес жылжымалы медициналық кешен екі ай сайын әр елді мекенге барып, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетеді.

2022 жылдың маусым айына дейін 4 735 тұрғын, оның ішінде 2 195 бала дәрігерлік тексеруден өткен. Алғаш рет 96 аурушаңдық анықталған. Дәрігердің айтуынша, оның барлығы диспансерлік есепке алынған. Қазірде динамикалық бақылау жүргізіліп, сауықтыру бағытында ем-шара жасалып жатыр.

– Ең алдымен әр адам өз денсаулығына өзі жауапты. Бұрынғылардың «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дегені бекер емес. Десе де, қазірде аурудың түрі де көп, ауруға шалдыққан науқастар да көп. Олар дерті жанына батқанда ғана дәрігердің көмегіне жүгінеді. Бір жұбанатынымыз, қазіргі жаңа технологиялық жетістіктердің нәтижесінде медицина саласы да сатылап дамып келе жатыр. Заманауи медициналық құрылғылардың көмегімен науқас адамның ағзасындағы ауруын анықтау бұрынғыдан жеңілдеді. Тағайындалған ем-домы да нәтижелі. Егер қатерлі ісіктердің алғашқы сатыларында тексеріліп, ауруы анықталса, толық жазылып кетуіне де мүмкіндік бар. Бірақ өкіништісі, көбіне науқастар емханадан тексерістен өтуге асықпайды. Өз денсаулығына, өміріне салғырт қарайды. Сөйтіп жүріп ауруын асқындырып алып жатады. Ондай жағдайда дәрігерге де, науқасқа да оңай болмайды. Әсіресе ауыл тұрғындарында немқұрайлық басым. Тым болмаса жылына бір мәрте келіп дәрігердің есігін ашпайды. Тіпті уақытылы болатын скрининктен де өтпейді. Ауылдық елді-мекендерде бірде-бір рет аудан орталығындағы емханаға келіп, денсаулығына байланысты шағым айтқан немесе алдын ала дәрігерлік тексеруден өтпеген орта жастағы адамдар бар. Түрлі сылтау айтады. Ауырмаудың жолы – аурудың алдын алу. Міне, жылжымалы медициналық кешен сол шалғай ауылдар халқының денсаулығын уақытылы тексеруден өткізіп, өлім-жітім көрсеткішінің төмендеуіне сеп болып отыр. Жылжымалы кешеннің іші заман талабына сай медициналық аппараттармен жабдықталған. Әр аппараттың өз маман-дәрігері бар және олардың барлығы да білікті, тәжірибелі. Өзінің қызметтік жоспары бойынша әр ауылға арнайы барып, жас айырмашылықтарына қарай кезең-кезеңімен толықтай медициналық тексеруден өткізеді. Әсіресе қазірде көп тараған обыр ауруларының бірі жатыр мойыны, тоқ ішек, тік ішек және сүт бездері қатерлі ісіктерін алдын ала анықтап, бірінші сатысында ем-шара қолданады. Нәтижесінде науқас құлан-таза жазылып шығады. Жылжымалы медициналық кешеннің дәрігерлер үшін де тиімділігі зор. Мәселен, бұрын скринингтік тексеруді жоспар бойынша 10-12 айда орындайтын болсақ, қазірде аудан тұрғындарын 6 ай ішінде дәрігерлік тексеруден өткізіп үлгеретін болдық. Сонымен бірге ЖМК келгелі, яғни аурудың алдын алу мүмкіндігі туғалы өткен жылдармен салыстырғанда қатерлі дерттің көрсеткіші төмендегенін де айта аламыз. Ауыл тұрғындарына алдағы уақытта да бекітілген жоспарға сәйкес тұрақты түрде жылжымалы медициналық кешен қызмет көрсете береді, – дейді бас дәрігердің бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету жөніндегі орынбасары Индира Нағашыбайқызы.

Қуат АХЕТОВ

СӘТТІЛІК

Жарқын болашаққа жаңа қадам

Биыл да еліміз бойынша сан мыңдаған түлек өздері білім алған алтын ұяларынан түлеп ұшып, келешекке қанат қақты. Осы аптада аудан әкімі Асқарбек Есжанов З.Жарқынбаев атындағы №202 мектептің бітірушілеріне салтанатты түрде аттестат тапсырды. Салтанатты шараға аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов, кент әкімі Мардан Жамалатов, мектеп мұғалімдері және ата-аналар қатысты.

Әрбір мемлекеттің дамуында білім мен ғылымның алар орны ерекше. Сапалы білім болмай, ғылымға көңіл бөлінбей мемлекеттің тұрақты дамуы, келешегінің кемелді болуы мүмкін емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ұлы Абай үнемі сынға алған масылдық қоғамға ешқашан жақсылық әкелген емес. Соны түсінетін жастарымыз тек біліммен қаруланып, еңбекке ғана арқа сүйеуі тиіс», – дейді. Расында, ғылым-білімі кемшін ел – мешеу мемлекет. Ғылым жолына барын салған ел ғана дамиды.

Биыл аудан бойынша 358 оқушы мектеп бітірсе, оның 328-і ҰБТ-ға қатысады. Бұл бітірушілердің 91,3 пайызын құрайды. 358 мектеп бітірушінің ішінде оқу жылының мемлекеттік аттестаттау қорытындысымен 24 бала «Алтын белгі» иегері атанса, 31-і «Ерекше аттестат» алды. Ал №202 мектепті бітірген биылғы 33 түлектің 4-еуі «Алтын белгі», 5-еуі "Ерекше аттестатқа" қол жеткізді.

– Бүгінгі күн – тек мектеп бітіруші түлектер үшін ғана емес, қазақ қоғамы үшін аса маңызды күн. Өйткені қоғамның дамуын, мемлекетіміздің келешегін әрбір мектеп бітірген түлекпен байланыстырамыз. Бүгін мектебімен қоштасқан ұл-қыздар ертең өздерінің қалауымен жоғары оқу орнын бітіріп, бір-бір мамандық иесі атанады және қоғамдық өмірге етене араласып, әр салада қызмет етеді. Олардың білікті маман атануы мектепте алған біліміне тікелей байланысты. Бала бойына тәлім-тәрбиенің дәні отбасынан бастап егілсе, білімнің іргетасы мектептен қаланады. Бұл орайда баласының әрбір сындарлы сәтіне тақым қысып, тілекші болып отыратын ата-аналармен бірге ұстаздардың да орасан еңбегін ұмытпай, алғыс айтқанымыз жөн.

Елдің келешегі — озық ойлы, азат саналы, білім-ғылымға құштар ұрпақ. Сондықтан мемлекет олардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына барлық мүмкіндіктерді жасап келеді. Осы сөзіміздің дәлеліндей, биылғы жылы жоғары оқу орындарына берілетін гранттарының саны 73 мыңға дейін көбейетіні жарияланды. Бұл мектеп бітіруші түлектер үшін зор мүмкіндік және ата-аналар үшін де қуаныш. Яғни Мемлекет басшысының осындай қолдауының арқасында бюджет есебінен білім алу мүмкіндігіне ие болатын талапкерлердің саны артып отыр. Сондай-ақ биыл колледждерде де білім алу үшін бөлінетін оқу гранттарының саны рекордтық көрсеткішке жетіп, 31 000 грант бөлінетін болды және колледждерде қабылдау емтихандары алынып тасталды. Сонымен бірге әлеуметтік осал санаттағы отбасылардың балалары үшін арнайы квоталар енгізілетіні де білім алып, ғылым қуамын деген ынталы түлектер үшін үлкен мүмкіндік болып отыр. Бабалардан "Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады" деген сөз қалған. Осы тәмсіл дәл бүгінгі күнге қарап айтылғандай. Өйткені XXI ғасыр – ғылымның ғасыры. Жекелеген адамдардың арасында білім бәсекесі бар. Тіпті мемлекеттер бір-бірімен ғылым жолында жарысқа түсті. Қай елдің білім-ғылымы дамиды сол ел өркениетті әрі ең қуатты мемлекетке айналады. Сондықтан құрметті мектеп бітіруші түлектер! Сендерді алда ҰБТ сынағы күтіп тұр. Сол сындарлы сәттен сүрінбей өтіп, жоғары оқу орнынан сапалы білім алып, білікті маман атанып еліміздің келешегін қалыптастыру жолында адал еңбек етіп, қызмет жасайды деп сенемін. Келешектерің жарқын болсын! Қадамдарыңа сәттілік тілеймін, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Еліміздің білім саласында жаңарулар, жаңғырулар бар. Жаңа бағдарламалар аясында заманауи технологиялық мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нәтижесінде жылдан жылға озық қазақстандық және алыс-жақын шетелдің оқу орындарына түсіп, білім алатын балаларымыздың саны артып келеді. Мәселен, соңғы 5 жылда ауданымыздың өзінен 6 бітіруші түлек Ресей Федерациясының алдыңғы қатарлы инженерлік және техникалық оқу орындарында білім алып жатыр. Өткен оқу жылында мектеп бітіруші түлектер 100 пайыз жоғары және арнаулы оқу орындарына түскен. Бұл аудан, облыс қана емес, республика бойынша үлкен жетістік болды.

Қуат АХЕТОВ

ДӘСТҮР

Кіндік шешеңіз кім?

Бала күнімізде басындағы ақ орамалын қисайтып, құлақ шекесіндегі ақ шашын көрсетіп жоғарыға ғана буып алатын әжемізден естіген жақсы сөздердің де, тыйымдардың да не үшін айтылғанын, астарын түсіне бермеуші едік. Түсінгенде, түсінуге тырыспайтын да едік, мән беріп құлақ асып, бір уақ «Әже, неге олай?» дей бермейтінбіз. Ілеуде бір өзіміз құралпы балалардың ішіндегі зеректігінен барлығын зердесіне тоқығысы кеп тұратын ынталы бала болмаса, басқамызды ырым-тыйым онша ойландыра қоймайтын. Сонда біздің бойымыздан жағымды қасиетімізді көре қалса, ата-әжеміздің ойынша «өзіме тартқан» боламыз да, жағымсыз қылығымызды байқап қалса, «нағашысына тартып кеткен» деуші еді. Ал кей балаларды кіндік шешесіне ұқсатып қоятын. Сонда «кіндік шеше деген кім?» деген сұрақты өзімізге қойғанымызбен, балалықпен ойымыз сан-саққа жүгіріп, үйге келгенде үлкендерден әлгіндей сұрақтарымызға жауап сұрауды да ұмытатынбыз.

Ауылда өскеннің бір жақсы жері адамның бәрін бауыр тұтасың. Ешкімнің үйіне есік қағып тұрмайсың, ешкім сенің кіріп келгеніңе алабөтен көзімен қарамайды. Керісінше құрақұшып қарсы алып, қимай шығарып салады. Өйткені ауыл – қазақылықтың қаймағы бұзылмаған киелі мекен.

Айтайын дегеніміз негізі бұл емес еді. Бірақ бала күнгі ауылда естіп өскен, әңгімемізге жоғарыда тұздық еткен кіндік шешеміздің кім екенін тарқатып көрейік.

Кіндік шеше салт-дәстүріміз бойынша баланың кіндігін кескен адам, яғни екінші анасы болып саналады. Баланың кіндігін мінезі жайсаң, бүтін бір әулеттің аяулы анасына айналған ақылды әйелге кестіреді. Өйткені баланың мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, ақыл-парасаты да, еңбекқорлығы мен жеке қасиеттері де сол кіндік шешесіне ұқсап кетеді деген түсінік бар. Сол себепті баланың бойына біткен қылығын, қасиетін де кіндік шешеге теліп отыратын үрдіс бар. Ал баланың кіндігін кесу мәртебесіне ие болған әйел «Бұл менің балам» деп бауырына басып, еміреніп отырады.

Қазақта кіндік шешемен қоса «Кіндік қаның тамған жер» деген сөз бар. Бұл жерде текті халық кіндік ұғымының киесін айтады. Ол неге киелі дейміз? Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Кіндік – адамның ішкі дене мүшесімен жалғасатын ішек» делінеді. Қазіргі медицина оны «іштегі бала мен ана ортасындағы энергия тасымалдайтын негізгі дәнекер» деп есептейді. Ал «Былай қарасаң, кіндік – соншама қадірлеп әрі дәстүрлеп көметіндей емес, тырнақтай тері. Бірақ ата-бабамыз кіндіктің қасиетін бағалағандықтан жаужүрек ұлдары, үлкеннің алдынан кесіп өтпеген ибалы келіндері болды. Ата-бабамыздан бізге осынша кең байтақ жердің мирас болып қалуының бір сыры осында жатса керек. «Кіндік қаны тамған жер» деп те айтып жатамыз. Қалай десек те, бұл негізсіз емес» деп әрбір сөздің астарында мән болатынын айтқан ел анасы Зейнеп Ахметова да өз еңбегінде кіндікке байланысты осындай ой түйіпті.

Жалпы ертеде келіннің бойына бала біткеннен бастап, оған енесі дүниеге келер сәбиге кіндік шешені таңдай бастаған екен. Оған ісі ұнамды, мінезі жайдары, қолы ісмер келіншектерді лайық көрген. Бала туыла салысымен кім көтеріп алып, қолына алса, кіндік бауын кесіп, өміріне ақ тілегін жаудырса, сол кіндік анасының бойындағы артықшылықтар бала бойына дариды дейді. Сол себепті бала туылмастан бұрын оған лайықты кіндік шеше іздеу, сол құрметті атқа лайықты ардақ ананы табу өте маңызды. Сол себепті үлкендер жағы «Болашақ немереміздің кіндік шешесі өзің бол, сен де ниетіңе жет» деп лайықты деп тапқан әйелге бұл жайында айта келгенде, болашақ кіндік шеше «қарын той» жасаған. Бүгінде ұмыт қалған бұл салттың өзіндік мағынасы бар. Ол жүкті әйелді, көрші-қоланды шақырып, әлі дүние есігін ашпаған балаға кіндік ана болғанына куәлік етіп, дастарқан жаяды. Осы күннен бастап, аяғы ауыр келіншекке жәрдем беріп, іштегі шаранаға әу бастан-ақ қамқорлық жасаған. Жерік асын тауып беріп, қажетінше үй тірлігіне дейін көмегін берген. Ақыл-кеңесін айтып, жас келінді аналық өмірге дайындайды. Енесіне айта алмаған сырын бөлісер, жақын жанашыр жанға айналады. Босанғанша көз қырын салып, қадағалап жүреді. Айы-күні жақындағанда жанынан табылып, «ай толғақ», «апта толғақ» сияқты толғақтардың әр күнін санап, келіннің қай күні босанатынын болжап отырған.

Жалпы қазақ менталитетіндегі әрбір түсінік, әрбір ырым-тыйым мен үрдістің тектен-текке жасалмайтынын этнограф ғалымдар да дәлелдеп келеді. Сондықтан «Қазақтан асқан философ жоқ» дейміз. Біздің салт-дәстүріміздің шариғатпен үндесуі де оның беріктігінің негізі деуге болады.

Ырым-тыйымның да озығы болатынын ескерсек, алдымызда келуі мүмкін түрлі қиындықтың алдын алуымыз мүмкін. Әсіресе бойға бала біткенін білген күннен бастап жүкті әйел ұстануы тиіс ырым-тыйым көп-ақ. «Жерде жатқан таяқты аттама», «Түнде орамалсыз далаға шықпа», «Түйе етін, қоян етін жеме» сынды ырымдармен қатар, «Шаш, тырнақ бояуға, шаш кесуге болмайды» деген де бар. Тыйымдардың қатарында заманауи түрлі бояуларға да қатысты айтылатыны бар. Соның бірі – тырнақты боямау. Біріншіден, бұл тырнақ бетін толық химиялық ерітінді жауып тұратындықтан, ауа бармай қалады. Екіншіден, тазалықтың белгісі емес. Перзентхана да қолға лак жағып босануға келген әйелдің әрекетін құптай бермейді. Өйткені жүкті әйелге шұғыл ота жасайтын немесе жан сақтау бөліміне жатқызатын, саусағына құрылғы кигізетін жағдайлар болуы мүмкін. Ал шаш бояуының құрамындағы химиялық заттар анаға да, балаға да зиян. Сондықтан жүктілік кезінде шаш боямаған жөн. Қазақы ырымдар екіқабат кезде шаш қиюды да құптай бермейді. Бұл – ата-бабамыздан қалған тыйым. Жүкті әйел шашын кессе – іштегі бала кемтар болып туады, бақыты кесіледі дейді. Шаш әйелдің көркі, денедегі күш-қуатты сақтайтын құрал деп есептеген халқымыз ұзын шашты қадірлеген. Шашты кез келген уақытта кеспейді, жаман хабар алғанда ғана шашты жайып, кесіп тастау дәстүрі бар. Жау шапқанда әйелдердің бұрымын шорт кесіп тастап, еркегінің сағын сындыратын болған. Егер жұбайы жүкті болса, аңшы буаз аңды атпайды. Бұл да қазақ салтында қатаң сақталған тыйым.

Тағы бір айта кетерлігі, аяғы ауыр болғанын білген әйел бұл жаңалықты туған-туыстарына неғұрлым кешірек хабарласа, соғұрлым жақсы. Өйткені әйелге тіл-көз тигіш келеді. Бұдан бөлек жүкті әйелге ұсқынсыз заттар мен дүниелерге, көріксіз адамдарға, сонымен бірге мәйітке қарауына болмайды. Жүкті әйелдің кіндік шеше аталмағаны, суретке түспегені абзал. Іштегі бала өлі тууы немесе туған соң шетінеуі мүмкін. Босану кезінде қиындық болады деп аяғы ауыр әйелдерге түйме қадауға немесе киім жамауға да үлкендер рұқсат бере бермейді. Аяғы ауыр әйелге бірдеңені майыстыруға немесе кесуге болмайды, ара, қайшы ұстатпайды. Әйтпесе мерзімінен бұрын босанады. Екіқабат әйел керулі тұрған және шұбатылып жатқан арқаннан аттамайды. Бұлай істесе, босанған кезде баланың кіндігі мойнына оралып, өміріне қауіп төнеді деп жорамалдайды. Сондай-ақ жүкті әйел түйенің етін жемейді. Жесе, баланы 12 ай көтереді, толғағы қатты болады. Түйенің етін жеп, мезгілінде босана алмаса, сол үйдің төріне бураның бас сүйегін іліп қояды немесе еркек түйенің мойнын ақ матамен орап, аяғы ауыр әйелді түйенің үстінен аттатады. Түсік тастамау үшін екіқабат әйелдің киімінің етегін бүріп қояды. Ал қоян етін жесе, баласы қоянжырық болып тууы мүмкін. Әйел толғатқанда үй ішінде ілулі тұрған заттар алынады. Сандықтардың аузын ашып қояды. Осылай болса, толғақ жеңіл болады деп ырымдалады. Жаңа босанған әйел итті қуып шығуына, «кет» деуіне болмайды, олай болса, жас ананың тістері түсіп қалуы мүмкін.

Жалпы қазақ баланы үш-ақ ауыз сөзбен тәрбиелеген. «Ұят болады, обал болады, жаман болады» деп-ақ адами құндылықтарды бала бойына сіңіріп, адамгершілік биігінің қалыптасуына әсер еткен. Қазақы ырым-тыйымдар да осындай тәрбиелік мақсатта қалыптасқан.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Даңғаза тойдан шығын зор, зардап мол

Біздің қазекең – «той дегенде қу бас домалайды» деп той-томалаққа жақын, көпшіл халық. Айран-асыр думан жасау, ағайын-туыспен, жора-жолдаспен отбасыңдағы қуанышыңды бөлісудің ешбір әбестігі жоқ та болар. Бірақ салтанатты сарайдың ең қымбатын жалдау, безендіргенде де бірімен-бірі бәсекеге түсіп, ат оздырудан алдына жан салмайтыны бар. Мұны әрине «көрсеқызарлық, астамшылдық» деуге толық негіз бар. Қазір ғаламторды ашсаңыз асабаның да қаншама тойларының жарқылдаған жарнамасы желіні жарып, менмұндалап, елдің көзін де, көңілін де арбайды. Елдің басына түскен пандемия елді есеңгіретіп тастағанын жоққа шығармаймыз.

Тойшыл қауымның сондай қиын сәтте де мейрамхана, тойханалардың артқы есігінен кіріп, дастархан мәзірін жайнатып, елді елең еткізіп, жасырын той өткізіп жатқанынан хабардармыз. Алайда той базары қызып, ажары кіре қоймады. Жұрттың той жасауға деген ынтасы төмендеп, кішкене өз-өзіне келіп, «ас та төк» қаржыны олай-бұлай шашатын тойдың құр шығын екенін мойындап, ел ішінде «баламызды үйлендірдік, беташарын жасадық та қойдық. Қызымызды үйден-ақ ұзаттық. Бұл да дұрыс секілді. Өз үйінен кеткені. Аса қиналып, шашылмадық. Негізі осындай той өткізуге көшу керек-ау» деген пікірлер айтыла бастады. Иә, шынында салтанатты сарайлар бос қалды. Кейбірі зәулім тойханаларын дүкенге, ойын-сауық орындарына, басқа да мақсаттарға пайдалана бастады. Бұл «өлара» шақтың қашан бітетінін кейбір «көріпкелдер» болжай да бастады. Айтқандары айдай келді. Тұп-тура екі жыл дегенде дерттен тазара бастадық. Қойшы әйтеуір әупірімдеп тәжтажалдан да құтылдық. Қайтадан біртіндеп қалыпты өмірге келіп, тағы да сүйіншілеп той бәсекесіне еніп кеттік. Әсіресе қазір жаз маусымы, той айы. Тойханалардың есігі айқара ашылды. Ал асаба, камераның наны жүріп тұр. Жалдау бағасы ұшып тұр.

Жергілікті тұрғындар осыны айтып дабыл қағып жүр. «Жақында бір мерейтой түсіруге аса қымбат емес камерамен сөйлессем, 3-4 сағатты түсіруге 20 мың сұрап тұр. Қаладан асаба жалдасақ, тіпті удай қымбат екен. Ал ауылдық жерде қайта арзан ба деп қалдым. Домбыра, баянмен тойды өткізетін асабасымен 50 мың деді. «Тойдың болғанынан боладысы қызық» дегендей, той қамына кірiскенде осындай жайтты байқадым. Адам қанағатшыл болған дұрыс. Беталды шашатын заман кетті ғой. Ел еңсесін енді тіктеді. Оның үстіне азық-түлік, жеміс-жидек бағасы да шарықтап тұр» дейді көршім. Бұл – жалпылама айтыла салған әңгіме болғанмен, қарапайым халықтың жан айқайы, базынасы.

Тойдағы асабалардың тым дөрекі ойындары, шайпау сөздері, әдепсіз қылықтары жұрттың назарына ілігуде. Оған мысал ғаламторда жетіп артылады. Оны бала да, жас та, кәрі де көріп, Абай атамыз айтпақшы «бетті бастым, қатты састым, тұра қаштым жалма-жанның» күйін кешуде. Міне, осындай қара дүрсін әрекеттен кейін көпшілік той өткізу мәдениетіне бейжай қарамау керек, оған да тоқтам жасаған дұрыс дегенді жиі айтып жүр. Шынында той да мәдени сананы қалыптастыратын тәрбие бесігі. Жастар осы мәдени шарадан үлгі алып, тәрбиеленеді. Алайда оған белгілі бір заң қабылдап, тәртіп орнатпаса, жалпылама ел арасында айтылғанмен құр сөзден оң нәтиже шығуы неғайбыл.

Міне, осы түйткілді мәселені ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Геннадий Шиповских 1001 түн бағдарламасында айтты. Оның айтуынша, қазақтардың тойындағы негізгі мәселе асабалардың мәдениетсіздігі екен. Сондықтан көрші елдердегідей той өткізуге қатысты арнайы заң қабылдаған дұрыс дейді.

«Парламент депутаты болғаннан кейін тойдың заңнамасына тоқталғым келеді. Бүгінгі таңда көрші елдерде тойға байланысты нақты заңнамалық актілер бар. Егер сіз той жасайтын болып, 200-300 адам шақырсаңыз той бюджеті 1 млн теңге болу керек. Одан асқан жағдайда арнайы комиссия 3-4 млн теңге аралығында айыппұл салады. Жалпы бұл мәселе бұрын көтерілген еді. Сол кезде қоғам бұған дайын болған жоқ. Мәселе қозғар алдында әлеуметтік зерттеулерге жүгіндік деді Шиповских.

Депутаттың пікірі көңілге қонымды. Осындай жүйелі заң күшіне енсе, шығыны шаш етектен болып, қарызға батып жүрген қазекең бәсекеге бой алдырмай, көрпесіне қарай көсілер еді. «Қайырлы шығын болсын» дейміз ғой. Бірақ шығынның қайырлысын көрмедік.

Г.ҚОЖАХМЕТОВА

Х А Б А Р Л А Н Д Ы Р У

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиналысын **2022 жылы 4 шілдеде сағат 10.00-де** мына мекен-жайда өткізу туралы хабарлайды: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Т.Қыстаубаев көшесі № 4 үй.(«Ауыл» КС ЖШС ғимаратында)

Күн тәртібінде:

1. «Серіктестіктің 2022 жылға бюджеті мен штат кестесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

2. Серіктестіктің құрамының өзгеруіне байланысты несие лимитін бөлу және несие желісін ұлғайту, несие желісін қамтамасыз ету үшін серіктестіктің құрылтайшыларының жарғылық салымындағы қаржының 25 пайызын және серіктестіктің жылжымалы-жылжымайтын мүлкін несие желісі бойынша кепілге қою, соттан тыс сатуға келісім беру туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, 5 күн ішінде жиналыс ашылғанға дейін серіктестікке ұсынуларыңызды, Құрылтайшылардың жалпы жиналысты өткізу тәртібі ҚР заңдарына сәйкес айқындалатындығын, Құрылтайшылардың жалпы жиналысын өткізу Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Микроқаржылық қызмет туралы» «Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңына, серіктестік Жарғысын басшылыққа алып өткізілетіндігін хабарлаймыз, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Ауыл» КС ЖШС
010 640 000 062

Меншік иесі:
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3138 Тапсырыс № 105

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ